

**Созақ ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай бақшасы МКҚК
«Балапан» кіші жас тобының ата - аналар жиналысының хаттамасы**

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібі:

1. Ата- аналарлар жиналыс “Балабақша мен отбасы бірлігі”
2. Баяндама “Томпаңдаған бөбегім, ертеңіне сенемін” (П. Бидаулетова)
- 3 Сіз қандай ата- анасыз? Сауалдама жүргізу.
- 4 .Жаңа жылдық ертеңгілік жоспарымен

Тыңдалды: Р, Ходжакулова - тәрбиеші

«Балапан» кіші жас тобының тәрбиешісі Р, Ходжакулова « Балабақша мен отбасы бірлігі»

Балалық шақ- адам өміріндегі ең маңызды ла, ерекше уақыт. Сондықтан осы кездегі тиімді пайдалану өте маңызды міндеті « Бала тәрбиесі - мемлекеттің маңызды міндеті» Қай кезінде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен ле маңызды. Міне осы тақырып бүгінде бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар.Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғи сыйлаған дарыны болса дамыту,дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай жасау ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ -түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ.

Бала -әр жанұяның бақыты. Олай болса өз бақытымызды бағалай білейік.

Тыңдалды: П. Бидаулетова- тәрбиеші

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетова сөз алды.

“Томпаңдаған бөбегім, ертеңне сенемін” Баяндама оқыды.

Бала тәрбиесі -бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті екенін, осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұруы керектігін айтты.Ата- аналар баяндама тақырыбы мен мазмұнына сәйкес өз ойларын айтып,пікірталас жүргізді.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиеші Р. Ходжакулова ата -анамен “Сіз қандай ата-анасыз? “ атты қызықты сауалдама жүргізіп, ата-аналардың балабақшадағы бала тәрбиесіне деген оң көзқарасын байқады

. Ата -аналар балабақшаның 2024-2025 оқу жылындағы оқу- тәрбие процесі мен балаларды тамақтандыру сапасы жайында өз пікірлерін айтып,ризашылықтарын білдірді.

Ұйымдастырылып жүрген іс-шаралардың да жақсы дейгейде өткізілгенін жеткізді.

Төртінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері ата - аналарды балаларға арнап ұйымдастырылатын Жаңа жылдық ертеңгіліктің сценариімен таныстырды. Ертеңгілікте балалардың қандай киімлер киетінін ата - аналармен ақылдаса отырып шешті.

Және де балаларға Жаңа жылдық сыйлық мәселесі ата-аналар арасында қызу талқыланды.

Себебі кейбір ата аналар балаларының тәттіге аллергиясы барын айтып, тәттінің орнына жұмсақ ойыншық немесе қуыршақ сияқты ойыншықтар алуды ұсынса, енді бір ата -ана жана жылда балалар Аяз атадан көптеген тәттілер күтетінін айтып, қарсылық білдірді.

Ұзақ уақыт талқыланған бұл мәселеде жиналыстың соңында шешімін тапты.

Ата -аналар бірауыздан балаларға арнап дайындалатын сыйлықтың ішіне тәттілер де әдемі ойыншықтар да салатын болып шешті.

Жаңа жылдық ертеңгілікте киетін, балаларға арналған костюмдерді ата -аналар комитетінің мүшелерімен ақылдаса отырып, дайындайтындарын жеткізді.

Қаулы;

Ата - аналар баяндаманың өз дейгейінде оқылғаның айтып, қанағаттанарлық деп баға берді.

Сауалдама тақырыбында қатысты пікірлерін білдірді.

Балаларға арналған жаңа жылдық, мерекелік киімдер мен сыйлықтар ата -аналарға жүктелсін.

Сонымен бірге балалардың Жаңа жылдық, шыршасында от шашулар қолданылмауын балабақша басшылығы тарапынан қатаң қадағалансын - деп қаулы етті.

Төрайымы:
Хатшы;

Бидаулетова П
Ходжакулова Р